

ҒТАХР 03.20

РЕСЕЙ САЯХАТШЫЛАРЫ МЕН ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ЕҢБЕКТЕРІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ (XVIII Ғ. II ЖАРТЫСЫ – XIX Ғ. БАСЫ)

А.А. Кукетова¹, Г.Т. Мусабалина²

¹ докторант

² т.ғ.д., профессор

^{1,2} Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
email: gerai_89@mail.ru

Мақалада XVIII ғ. II жартысы – XIX ғ. басындағы Ресей империясының қазақ даласында болып өткен саяхатшылары мен зерттеушілерінің еңбектері қарастырылады. Авторлар Қазақстанды ғылыми зерттеуге үлес қосқан Ресей ғалымдары мен саяхатшыларының еңбектеріне деректанулық талдау жасайды. Бұл ғылыми мақаланы жазу барысында XVIII ғ. II жартысы – XIX ғ. басындағы қазақ даласы туралы жазған зерттеушілер еңбектерін Отан тарихының дереккөздері ретінде ашып сараптауды мақсат етеді. Қазақ даласын зерттеуге байланысты Ресей империясының елшілері мен шенеуніктері, екінші Академиялық экспедициясы қатысушылары жариялаған еңбектері, саяхатшылар күнделіктері, саудагерлердің қалдырған естеліктері, Ресей империясынан Қазақстанға жіберілген әскерилердің жол күнделіктері мен жазбаларына талдау жасалып, оларға тарих, география, этнография салаларының мәдени ескерткіші ретінде баға беріледі. Қорытынды бөлімінде Қазақстанның жаңа заман тарихын зерттеуде XVIII ғасырдың II жартысы – XIX ғ. басындағы Ресей саяхатшылары мен зерттеушілерінің еңбектері жоғары деңгейдегі құндылыққа ие екендігі тұжырымдалады.

Түйін сөздер: қазақ даласы, XVIII ғ. II жартысы - XIX ғ. басы, орыс зерттеушілері, академиялық экспедициялар, Ресей саяхатшылары

Қазақ даласы, оның халқы ғасырлар бойы саяхатшыларды, елшілерді, саудагерлерді, әскерилерді және т.б. қызықтырды. Далалық өлкеге академиялық қызығушылық империяның стратегиялық жағдайы мен өлкедегі табиғи-географиялық ресурстардың әртүрлігіне байланысты еді.

Қазақ даласы туралы жазылған еңбектер өлкеміздің табиғаты, тарихы және этнографиясы жөнінде негізгі дерек көзі ретінде құндылығы жоғары. Сонымен қатар ол деректердің мәдени ескерткіш ретінде отандық және шетелдік ғылымға тигізер ықпалы мол. XVIII-XIX ғғ. қазақ даласын зерттеуге үлес қосқан орыс саяхатшылар еңбектері арқылы отандық тарих, археология, этнография ғылыми салаларының жүйелі түрде орныққандығын көруімізге болады. Қазақ даласын зерттеудің нәтижелері тарих, география, этнография, шаруашылығы, этникалық тарихын сипаттайтын деректік қор жиынтығын құрайды. Сондықтан XVIII ғ. академиялық экспедицияға қатысушы ғалымдарының жарияланған ғылыми еңбектері мен мәліметтері, саяхатшылардың күнделікті жазбалары қазақ даласын зерттеудің деректанулық базасына айналып отыр.

XVIII ғасырда Ресей империясы қазақ даласын кешенді зерттеу мақсатында арнайы академиялық экспедициялар аттандырды. XVIII ғасырда жүргізілген академиялық экспедициялар М.В. Ломоносовтың есімімен тікелей байланысты. XVIII ғасырдың II жартысы – XIX ғ. басына қатысты әскерилер мен саяси қайраткерлер еңбектері жатады. Бұл кезеңге қатысты мына зерттеушілердің П.С.Паллас, П.И.Рычков, И.П.Фальк, И.Г.Георги, И.Г.Андреев, Я.П.Гавердовский, А.И.Левшин еңбектері қарастырылды [1].

Үлкен тарихнамалық мәнге ие іргелі 3 бөлімнен тұратын зерттеулердің бірі - П.С. Палластың «Путешествия по разным провинциям Российской империи» атты еңбегін көрсетеміз. Оның фундаментальды еңбегінде Ресей империясының өзге аймақтары Орынбор өлкесі мен Сібір аймағының географиясы, халқының этнографиясына қатысты көптеген мәліметтер беріліп, XVIII-XIX ғғ. қазақ халқы туралы толыққанды мағлұмат жинақталған [2]. Өз зерттеулерінде қазақ халқының тарихы мен этнографиясын терең зерттеген П.И.Рычков болып саналады. Ресей ғылым Академиясының бірінші корреспондент мүшесі, П.И.Рычков (1712-1777) - Орынбор өлкесінің тұрғындары мен сол өлкені мекендеген қазақ халқының этногеографиясы мен тіршілігін жан-

жақты зерттеуден өткізіп, қағаз бетіне түсірген ғалымдардың бірі. Ол қазақ халқының тарихына қатысты сипаттама берген алғашқылардың бірі. 1759 жылы «История Оренбургская» атты еңбегі жарық көріп, оған Кіші жүздің Ресей құрамына қосылу тарихы туралы, Әбілқайыр хан ордасындағы Ресей бодандығына алу не алмау бағытындағы саяси күрес мәселелері мен А.Тевкелев елшілігінің қызметі жайлы материалдар енген еді [3]. П.И. Рычковтың «Топография Оренбургская» атты еңбегі 1762 жылы жазылды. Оның кітабында Орынбор өлкесі халқының этнографиясына сипаттама берілді. Сонымен бірге Қазақстан мен Орта Азия территориясы көрсетілген Орынбор губерниясының толық географиялық картасы жасалды. Аталмыш зерттеуде автор қазақ халқының кіші жүзі, орта жүз руларын атап өтіп, Қазақстанның тарихи географиясы, топонимикасы туралы маңызды мәліметтерді қамтыған. Бұл еңбек 1887 жылы қайта басылып шықты [4]. Қазақ халқының тарихы мен этнографиясы туралы жазылған әкелі-балалы П.И.Рычков пен Н.П.Рычковтың 1772 жылғы Санкт-Петербуркте жарияланған «Капитан жазбалары» қазақшаға аударылып басылған еді [5].

1768 жылы ғылым Академиясының арнайы тапсырысымен И.Г.Георги басқарған экспедиция құрамында болып, Ресей империясының шығыс бөлігінің табиғатын, тарихы мен этнографиясын зерттеген ғалым, топограф, тарихшы П.И.Фальк «Описание всех национальностей России» атты еңбегінде қазақ халқын қырғыздар деп көрсетеді. Оның фундаментальды еңбегінің басты құндылығы қазақ даласын Ресей ғалымдарының зерттеуінің ішінде жергілікті халықтың тарихы, мәдениеті және этнографиясы туралы толыққанды мәлімет беруінде. Өз зерттеуінде қазақ жүздерінің ордалары, әр жүзге енетін рулар, қазақ хандары, қару-жарағы, мал шаруашылығы, аңшылықтың дамуын қарастырған [6]. Қазақ даласын зерттеу тарихнамасында халқымыздың тарихи-этнографиялық зерттеуін тануда ерекше үлес қосқан этнограф ғалым И.Г.Георгидің еңбегінің алатын орны ерекше. Георги «Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей» атты еңбегінде қазақ жүздері (ордалары) туралы, әр жүздегі (орда) үйлер саны, үш жүзге (орда) бөлінетіндігі, әр орданың өз хандары, ұлыстары, халықтың орналасу аймағы, мал шаруашылығы туралы толыққанды мәлімет қалдырған [7].

XVIII ғасырда И.Андреев қазақ халқына қатысты көптеген деректерді қолданған Орта жүздің тұрмыс-салты, мәдениеті этнографиясына қатысты іргелі зерттеу қалдырды. Оның «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков» атты еңбегі XVIII ғасырдың II жартысындағы Орта жүздің саяси, этникалық, әлеуметтік-саяси тарихын зерттеуде ерекше қызығушылық тудырады [8].

Қазақ даласының тарихы, географиясы мен этнографиясы туралы Я.П. Гавердовскийдің 1802 жылы Бұхар жеріне сапар жасағаннан кейін бірқатар еңбек жазды. Олардың ішіндегі ең құндысы «Обозрение киргиз-кайсаковской степи» 1802-1803 гг. атты еңбегі [9].

А.И. Левшин еңбегін XVIII ғасырдағы Қазақстан аймағы туралы зерттеулердің негізі ретінде қарастырылды. XIX ғасырдағы үш жүз бойынша қазақ халқының саны алғашқы мәліметтер Левшиннің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз- кайсацких, орд и степей» атты іргелі зерттеуінде жарияланды [10].

Қазақ даласы туралы жазылған еңбектердегі орыс ғалымдарының тарихи ойы Қазақстанның тарихи және географиялық жағдайын зерттеуде маңызды орын алып отыр. Осы кезеңде орыс саяхатшыларының деректері арқылы Ресей ғылымы Орынбор өлкесі, Арал-Каспий өңірі, Жоңғар Алатауы және өзге аймақтар туралы маңызды ақпаратпен толықты.

Революцияға дейінгі жарыққа шыққан Ресей ғалымдарының еңбектерін мынадай топтарға бөлуге болады: әйгілі орыс ғалымдарының еңбектері, әскери шенеуніктердің қалдырған қолжазба мәліметтері және экспедиция қатысушылары.

Бірінші топқа мынадай Ресей ғалымдарының еңбектерін көрсетуімізге болады: П.И.Рычковтың, А.И. Левшиннің зерттеулері.

Қазақ даласының тарихы, географиясы туралы зерттеуде ең үлкен үлесті П.И.Рычков енгізді. Оның «Орынбор өлкесінің Топографиясы» атты екі томдық еңбегінде Орынбор өлкесінің табиғаты, халқы мен шаруашылығы туралы сипаттама берілді. Сонымен қатар Рычков 1744 жылы Орынбор өлкесіне қатысты қаланың И.Кириллов бастаған Орынбор экспедициясының қызметінің нәтижесінде Орынбор деп аталатындығын айтты [4].

А.И.Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінің 1 - бөлімінде географиялық сипаттау, 2 - бөлімінде тарихи сипаттамалар, 3 - бөлімінде

этнографиялық және статистикалық мәліметтер көрсетілген. Сонымен қатар зерттеуші қазақ жерінің солтүстік, оңтүстік, батыс және шығыс шекараларын айқындап берген. Географиялық сипаттауда қазақ жеріндегі өзен-көлдердің, таулардың орналасу ерекшелігі, топонимикалық атауларға түсіндірме беріп өтті. Еңбегінде мал шаруашылығы, егін шаруашылығына қолайлы аймақтарды көрсетуде, топонимикалық атауларды, сауда керуен жолдарының толық сипаттамасын көрсеткенде Паллас пен Эверсманнның жүргізген зерттеулерін негізге алған. «Тарихи сипаттамалар» деген арнайы бөлімінде Ұлы жүздің, Орта жүздің және Кіші жүздің хандар шежіресін толыққанды көрсеткен. Қырғыздардың шығу тегі туралы мынадай ғылыми еңбектерді беріп отыр: Фирдоуси, Бабыр, Әбілғазы-Бахадүр шежіресін. Сонымен қатар Бөкей Ордасының хандар шежіресін көрсетеді [10].

Деректердің бірінші тобы ретінде жіктеген әйгілі орыс ғалымдары қазақ тарихына, географиясына, этнографиясына қатысты толыққанды ақпарат берген. А.И. Левшиннің қырғыз-қазақ даласының сипаттамаларының география, тарих, этнография атты 3 бөлімнен құралуы және қазақ тілін меңгеріп, қазақ жерінде арнайы зерттеу жүргізуі деректің жоғарғы деңгейдегі құндылығын дәлелдейді. Ал П.И.Рычковтың Орынбор өлкесінің тарихы, топографиясына қатысты іргелі зерттеулері бұған дейін зерттелінбеген аймақты Ресей және өзге елдерге танытуымен аса құнды. Зерттеушілердің екінші тобына әскери шенеуніктердің қалдырған қолжазба мәліметтері жатады: И. Андреев, Я.П. Гавердовский еңбектері.

И.Г. Андреевтің «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков» атты еңбегінде Орта жүз халқының мінез құлқы туралы, той салт-дәстүрі, үйлену салты, ер адамдардың келбеті, этнографиясы, қолөнер кәсіпшілігі, қару-жарағы, сауда-саттық туралы ақпарат берілген. «О прилежащих волостях от китайской границы в неё по реке Иртышу до крепости Омской, от Омской крепости до Новой линии» атты VI тарауында: «Өскемен бекінісінен Ертіс бойымен қытай шекарасына дейінгі аралықтағы болыстарды қарастырған. Болыстардың әкімшілік-құрылымы, старшиналардың басқаруы туралы сипаттама берілген. Сонымен қатар Абылай ханның шежіресі қарастырылған [8].

XVIII ғ. соңы – XIX ғ. басындағы Орталық Азия тарихына қатысты әскерилердің жол күнделіктері Қазақстанның революцияға дейінгі кезеңде тарих, этнография саласында қолданылып келді. Осы орайда 1803 жылы «Мәдени Мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген Бұхараға жіберілген орыс елшісі Я.П. Гавердовскийдің қазақ халқының географиясы, тарихы мен мәдениетіне байланысты жазылған еңбегі ерекше қызығушылық тудырып отыр. Оның тарихи-этнографиялық мәліметтері ғылыми айналымға енгізілді [9]. 1803 жылы Орта Азияның Бұхара жеріне елшілікке келген Я.П.Гавердовский Қазақстан территориясы арқылы жүріп өтті. Осы жылы зерттеуші қазақ халқының тарихы, географиясы және этнографиясына қатысты түбегейлі зерттеулер жүргізіп, «Обозрение Киргиз-кайсаковской степи» атты еңбек жазды. Онда автор Ор өзенінің сипаттамасы, Қараадыр таулары, Алтан тауы, Алтын би қабірі, қазақтардың жерлеу дәстүрі, қабірлер туралы ақпарат айтып өткен. Ырғыз өзеніне қатысты толыққанды географиялық жағдайы туралы мәлімет келтіреді. Сонымен қатар «Қырғыз ордалары туралы тарихи аңыз» деген арнайы бөлімінде: қазақ халқының шығу тегі, қазақ халқының үш жүзге бөлінуі, Алтын Орда тарихына қатысты мәліметті көрсетеді. Әр аймақтың ру старшындары болғандығы айқын көрсетілген.

Деректердің екінші тобы ретінде жіктеген ғалымдар көбінесе қазақ этнографиясына қатысты мол мәлімет қалдырғандығы белгілі болды. Себебі, олар Ресей шенеуніктері болған соң, арнайы анкета жүргізу арқылы қазақ халқының тұрмысы, салт-дәстүрі, діни-сенімдерін және т.б. мәселелерін арнайы мақсатпен зерттеу жүргізді.

Деректердің үшінші тобына Ресей империясы тарапынан қазақ даласына арнайы жіберілген Академиялық экспедиция басшылары мен олардың экспедиция қорытындысында жариялаған жинақтары жатады. Қазақ даласына Ресей империясы тарапынан мынадай экспедициялар жіберілгені белгілі. Олардың Қазақстанға қарай келу ретін XVIII ғасырда ғылым Академиясының географиялық департаменті туралы жазылған Гнучева В.Ф. еңбегін келтіретін болсақ: 1735-1737 жылдар - Кириллов бастаған Орынбор экспедициясы, 1768-1774 жылдар- П.С.Палластың Орынбор өлкесі мен Сібір аймағына жасаған академиялық экспедициясы, 1768-1774 жылдар - С.Г.Гмелин атындағы академиялық экспедиция, 1769-1772 жылдар- Н.П.

Рычковтың экспедициясы, 1769-1773 жылдары - И.П.Фальктің экспедициясы, 1772 -1774 жылдар - И.И.Георги экспедициясы, 1778 жыл - Г.Ф.Миллердің академиялық экспедициясы [11].

Белгілі ғалым Ломоносовтың жетекшілігімен 1759-1764 жылдары арнайы географиялық зерттеу ұйымдастырылып, 1768-1774 жылдары Ірі Академиялық экспедициялар жасақталған еді.

II Академиялық экспедицияның басшылығындағы П.С.Паллас «Путешествие по разным провинциям Российской империи» атты еңбегінде қазақ ордалары, рулары, көші-қоны, шаруашылығы, қалалар, олардың орналасу ерекшелігі қазақ өлкесінің тарихи географиясы қарастырылып өткен. Онда мынадай үзінді келтірген: «Сей народ называет сам себя Киргис-хазак, под которым именем он известен и своим соседям – россиянам и калмыкам. Ни киргизцы рассказывали мне следующее происхождение сего имени. Прежде жили они купно с турками и распространялись до Евфрата; там управляли ими особливые владельцы, из числа коих Иазыд-хан был последний в стране. Сей хотел овладеть турецким престолом и для того умертвил двух Магометов, внуков Хозан и Хусанн, именованных и родившихся от его дочери» [2; 567-568]. II Академиялық экспедиция бағыты бойынша Қазақстанда зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі топограф және тарихшы, Ресей Ғылым Академиясының академигі Иоганн Петер Фальк болып табылады. Экспедиция нәтижесінде И.П. Фальктің «Полное собрание учёных - путешественников по России «Записки академика Фалька» атты еңбегі жарық көрді. Бұл еңбектің «қырғыздар» деген бөлімінде Фальк қазақ халқының үш жүзге бөлінуі, Орта жүз бен Кіші жүздің Ресеймен өзара байланысы туралы, әр орданың ерекшелігі, кіші жүз рулары, орта жүз рулары, мал шаруашылығы, аңшылықтың, сауданың дамуы туралы айтылады [6].

Георги И.Г. «Описание всех обитающих в Российском государстве народов и их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, вероисповеданий и прочих достопамятностей» атты еңбегінде қазақтардың этнографиясы, соның ішінде, мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері туралы айтып өткен. Сонымен қатар қазақ халқының үш жүзге бөлінуі, әр жүздегі адам саны, аймақтарға бөліну ерекшелігі, хандарды тағайындау тәртібі, әр жүздің алып жатқан территориясы туралы ақпарат беріп өтеді. Қазақ жеріндегі әйгілі Тобыл, Ертіс өзендері, мал шаруашылығы жөнінде де маңызды ақпарат келтірілген. Оның еңбегінде мынадай маңызды ақпарат берілген: «Никто не запомнит, с каких времен и по каким причинам разделились киргизцы на три орды, из коих одна называется Большою, другая - Среднею, а третья – Малою». Георгидің еңбегінде Фальктің зерттеуі секілді этнографиялық мәліметтер көбірек берілген [7;120-121].

Жоғарыда көрсетілген зерттеушілер Ресей империясы тарапынан қазақ даласына арнайы маман ретінде жіберілген академиялық экспедиция мүшелігінде болған соң, өздерінің жүріп өткен бағытындағы аймақтың географиясы, климаты, топонимикасы, жергілікті халықтың шаруашылығы, этнографиясы толықанды, түбегейлі мәліметтер қалдырды. Сол себепті II Академиялық экспедиция нәтижелерінің қорытынды жинақтары ретінде жарық көрген П.Палластың, И.П. Фальктің және И.Г.Георгидің еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Қорытындылай келе, XVIII ғ. II жартысы – XIX ғ. басындағы Ресей саяхатшыларының еңбектерін арнайы типтерге бөлу арқылы олардың зерттеудегі субъективті ерекшеліктері айқындалды. Ресей империясы қазақ жеріндегі әскери бекіністер, қамалдар, шекара аралығының әскери шенеуніктерін қазақ халқының тұрмысы туралы зерттеуге бағыттады. Ал Ресей ҒА арнайы нұсқауымен жіберілген академиялық экспедиция қатысушылары мақсатты түрде Қазақстанның жекелеген аймақтары туралы толықанды ақпаратпен қамтамасыз етті. Орыс саяхатшылары мен зерттеушілер еңбектері бір жағынан қазақ халқының тарихы, географиясы, этнографиясы туралы толықанды ақпарат береді, ал екінші жағынан арнайы ғылым саласын дамытуға үлес қосатын мәдени ескерткіш ретінде ақпарат сақтап отыр. Сол себепті Қазақстанның жаңа заман тарихы зерттеуде XVIII ғасырдың II жартысы – XIX ғ. басындағы Ресей саяхатшылары мен зерттеушілер еңбектеріне құнды дерек көзі ретінде баға берілді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи, Ч.1-3. СПб., 1773-1783; Рычков П.И. Топография Оренбургская.Ч.1., - СПб., 1762.; Фальк П.И. Полное собрание сочинении ценных путешествии по России. Записки академика Фалька. СПб., 1894.; Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей. СПб., 1799.; Андреев И.Г.

- Описание средней Орды киргиз-кайсаков., А.,1998.; Журнал, веденный Свиты его императорского величества поручиком Гавердовским и колонновожатыми Ивановым и Богдановичем во время следования их по высочайшему повелению чрез Киргизскую степь в провинцию Бухарию, с различными наблюдениями, с описанием всех случившихся происшествий, равно как и о возвращении в Россию в 1803 году, с кратким уведомлением об отправлении посольства в азиатское владение // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Том V. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. - А., 2007; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей.: в 3 ч. СПб., 1832.
2. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи, Ч.1-3. СПб, 1773-1783.
 3. Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750) – Оренбург, 1896.
 4. Рычков П.И. Топография Оренбургская.Ч.1. - СПб., 1762.
 5. Труды отца и сына Рычковых по этнографии казахов. - СПб., 1772.
 6. Фальк П.И. Полное собрание сочинении ценных путешествии по России. Записки академика Фалька. – СПб., 1894.
 7. Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей. - СПб., 1799.
 8. Андреев И.Г. Описание средней Орды киргиз-кайсаков. - А.,1998;
 9. Журнал, веденный Свиты его императорского величества поручиком Гавердовским и колонновожатыми Ивановым и Богдановичем во время следования их по высочайшему повелению чрез Киргизскую степь в провинцию Бухарию, с различными наблюдениями, с описанием всех случившихся происшествий, равно как и о возвращении в Россию в 1803 году, с кратким уведомлением об отправлении посольства в азиатское владение // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Том V. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. - А., 2007
 10. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей.: в 3 ч. СПб., 1832.
 11. Гнучева В.Ф. Географический департамент Академии наук XVIII века. - М., 1946.

ТРУДЫ РОССИЙСКИХ ПУТЕШЕСТВЕННИКОВ И ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XVIII – НАЧАЛА XIX ВЕКА, КАК ИСТОЧНИКИ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ

А.А. Кукетова¹, Г.Т. Мусабалина²

¹ докторант, ² д.и.н., профессор

^{1,2} Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
email: gerai_89@mail.ru

В данной статье рассматриваются труды путешественников и исследователей Российской империи, побывавших в казахской степи во второй половине XVIII века и в начале XIX века. Авторы проводят источниковедческий анализ трудов русских путешественников с Российской империи. Данная статья является отражением трудов исследователей казахской степи во второй половине XVIII – XIX века, задача которого является классифицировать информацию и представлять её как источники отечественной истории. Авторы делят источники на такие группы как записи послов и чиновников с империи, информация собранная в ходе второй Академической экспедиции, дневники путешественников и купцов, записи русской армии о казахской степи. Дается оценка вышеперечисленным источникам как культурным памятникам истории, географии и этнографии. В заключительной части статьи автор аргументирует тот факт, что записки русских путешественников и исследователей второй половины XVIII – XIX века является весьма ценным источником для изучения новой истории Казахстана.

Ключевые слова: казахская степь, вторая половина XVIII – начало XIX века, русские исследователи, академические экспедиции, российские путешественники

WORKS OF RUSSIAN TRAVELERS AND RESEARCHERS OF THE SECOND HALF OF THE XVIII - THE BEGINNING OF THE XIX CENTURY, AS THE SOURCES OF STUDYING THE HISTORY OF THE KAZAKH STEP

A.A. Kuketova¹, G.T. Musabalina²

¹ doctoral student, ² Dr. Sci (History), Professor

^{1,2} Eurasian National University named after L.N.Gumilev, Nur-Sultan, Kazakhstan
email: gerai_89@mail.ru

This article discusses the works of travelers and explorers of the Russian Empire who visited the Kazakh steppe in the second half of the 18th century and at the beginning of the 19th century. The authors conduct a source study of the works of Russian travelers from the Russian Empire. This article is a reflection of the works of researchers of the Kazakh steppe in the second half of the XVIII - XIX centuries, whose task is to classify information and present it as sources of national history. The authors divide the sources into such groups as records of ambassadors and officials from the empire, information collected during the second Academic expedition, diaries of travelers and merchants, and records of the Russian army about the Kazakh steppe. Evaluation of the above sources as cultural monuments of history, geography and ethnography is given. In the final part of the article, the author argues the fact that the notes of Russian travelers and researchers of the second half of the 18th-19th centuries are a very valuable source for studying the new history of Kazakhstan.

Key words: *Kazakh steppe, the second half of the XVIII - the beginning of the XIX century, Russian researchers, academic expeditions, Russian travelers.*

Редакцияға 31.10.2019 түсті